

Тақырыбы:
Мұхтар Мағауин
Бір атаның балалары

Түрі:

*оқығанды қорытып, жүйеге
келтіретін, ой дамытатын шеберлік
сабағы*

Әдіс-тәсілі:

*Сын тұрғысынан ойлап талдау жасау
және өз пікірін қорғау*

Көрнекілігі:

Оқулық, слайд, сызбалар

Күтілетін нәтиже

- Топтық жұмыс жасауға үйренеді;*
- Әдебиетке қызығушылығы артады;*
- Өзіндік ой-пікірі қалыптасады;*

Сабақтың айдары:

Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп.

(Абай)

Сабақтың құрылымы:

I. Қызығушылықты ояту кезеңі

- 1. “Еркін жазу” стратегиясы*
- 2. “Авторға сұрақ қою” стратегиясы*

«Еркін жазу» стратегиясы

Оқушылар мәтіннен өздеріне ұнаған сөйлемді алып парақтың бірінші бағанына жазады, екінші бағанына өз пікірлерін жазады.

Мәтін	Өз пікірім
<p>-Әйткенмен де, дәл осы баланы таңдауыңызға не себеп?-деп сұрар еді көңілі жақын замандастары.</p> <p>-Рас, - дейтін Ахаң. -Ойым қазақ балаларында еді. Айыруға қимадым. Әрі үлкені тым есті көрінді. Ұмыттырмас, түбі өзін табар дедім.</p> <p>-Ал одан басқалары ше?</p> <p>-Ең тәуірі осы Зекен боп көрінді көзіме.</p> <p>-Маған бәрі бірдей еді, -дейтін Ахаң. - Әйтсе де көп жетімнің ішіндегі шын жетім осы екен. Обалынан қорықтым.</p>	<p>Менің пікірім бойынша Ахмет қарт өзінің жүрек қалауымен осы Зекенді бауырына басамын. Қайткенде де осы баланы үлкен азамат етемін деген оймен алды.</p>

“Авторға сұрақ қою” стратегиясы

Бірінші топ оқырман болып, екінші топқа сұрақ қояды. Екінші топ автор болып бұл сұрақтарға жауап береді.

- 1. Шығарманың аталуында қандай сыр бар?***
- 2. Ахмет тәрізді адамдар қазір кездесе ме?***
- 3. Балалық шағыңыздың осы шығармамен байланысы бар ма?***
- 4. Бір үйдің балалары Нартай мен Ертайды бөлмеуге болмады ма?***

II. Мағынаны тану кезеңі

1. Концептуалдық кесте

2. Сергіту сәті

Концептуалдық кесте

Кейіпкер	Адамгершілік қасиеті	Өмірге көзқарасы	Кейіпкерге баға
Зигфрид	Ақылды, көпшіл, адал, зерек, ұғымтал.	Өзіне жасалып жатқан жанашырлық қамқорлыққа сенеді	
Ахмет	Өмірлік тәжірибесі бар, шыдамды, парасатты	Елдің, халықтың болашағына сенімді	
Дәуренбек	Соғыс көрген, шыдамсыз, шапшаң, ойланбай сөйлеп қалады	Күдікшіл, күмәншіл, айналасындағы адамдарға сенімсіздікпен қарайды	

Сергіту сәті

I топ Жеті атасын айту

*II топ Ата –ана туралы өлең
шығару*

*III топ Достық, қарым-қатынас
туралы мақал-мәтел айту*

«Инсерт» әдісі

*Оқушылар өз білгенін, не білгісі келетіндігін
арнайы парақтарға толтырады.*

<i>Не білдім?</i>	<i>Не білгім келеді?</i>
<p>Соғыстың зардаптарын білдім. Жетім балалардың көңіл-күйі.</p> <p>Қазақ халқының бойындағы тамаша қасиеттер туралы білдім.</p> <p>(бауырмалдық, жанашырлық, қонақжай)</p>	<p>Қазақ елінің тарихын білгім келеді.</p> <p>Ұлы Отан соғысы туралы толығырақ білсем деймін.</p> <p>Қазақ елін мекендеп жатқан әр түрлі өкілдері туралы білсем деймін</p>

III. Ой-толғананыс кезеңі

1. «Инсерт» әдісі

2. Сөздікпен жұмыс

3. Эссе жазу

Сөздікпен жұмыс

- 1. Шалғай- өте алыс жер*
- 2. Гимнастерка - әскери формада шымыр, тығыз матадан істелген сырт көйлек*
- 3. Протез- адамның жоқ мүшесінің орнына ыңғайланып жасалған жасанды мүше*
- 4. Айыл- ер-тоқымды жылжытпай ұстап тұру үшін аттың бауырын орай тартатын жалпақ қайыс тартпа*
- 5. Лобогрейка-егін шабатын машина*

ҮЙГЕ ТАПСЫРМА

**“Адам баласын бауырым
деу-жүрек ісі” тақырыбында**

ой-толғау жазу.

Қорытындылау

*Қазақ осы - айтатұғын елге сыр,
О, ағайын, халық емес ол кесір
Қазақ осы — аңғал-саңғал жабусыз,
Қазақ осы — ағыл-тегіл көл-көсір
Қазақ осы — дала дейтін, күн дейтін
Қазақ осы — өнер алды тіл дейтін
Қазақ осы — қарасың ба, ақсың ба
Қоңырсың ба, жатырқауды
білмейтін.*

Көңіл қойып тыңдағандарыңызға рақмет!